Пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелері

1.1. Осы Ереже КМТИУ-де өтетін «Шахмардан Есенов атындағы олимпиада» оқушылар олимпиадасының (бұдан әрі қарай – Олимпиада) мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін және оны өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Олимпиада 11 сынып оқушыларына арналған зияткерлік конкурс болып табылады.

1.3. Олимпиада екі кезеңмен өтеді.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаты:

Ш. Есенов атындағы КМТИУ жоғары сынып оқушыларын ынталандыруға ұмтылады:

- сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға;
- қызығушылығы мен оқу саласы ұқсас басқа білім алушылармен білім және тәжірибе алмасуға;
- мектептердегі гуманитарлық және техникалық білім саласындағы пікір алмасу мен ынтымақтастыққа.

3. Олимпиадаға қатысушылар

3.1. Олимпиадаға қатыса алады:

- мектеп бітіруші сынып (11 сынып) оқушылары;
- колледждің жоғары курс білім алушылары.

3.2. Қажетті құжаттар:

- толтырылған өтінім формасы;
- жеке куәлік көшірмесі.

4. Әдістемелік және сараптау комиссиясы

4.1.Әдістемелік және сараптау комиссия құрамына Ш. Есенов атындағы КМТИУ кафедраларының ПОҚ кіреді.

4.2. Әдістемелік комиссиясы:

- ОЛИМПИАДА пәндері бойынша тапсырмалар дайындайды;
- ОЛИМПИАДАНЫҢ пәндік тапсырмаларының орындалуын бағалау критерийлері мен әдістемесін дайындайды;
- пәндік тапсырмаларды сараптау комиссиясына тапсырады;
- оқушылардың пәндік тапсырмаларының өңделуін жүргізеді;
- ОЛИМПИАДАНЫҢ өту баллын анықтайды;
- ОЛИМПИАДАНЫҢ пәні бойынша координаторына нәтижелер ведомосын ұсынады;
- ОЛИМПИАДА туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

Сараптау комиссиясы:

- ОЛИМПИАДАНЫҢ пәндері бойынша тапсырмаларды мектеп бағдарламасына сәйкестігіне қарайды;
- ОЛИМПИАДАНЫҢ пәндері бойынша тапсырмаларды бекітіп, хаттама дайындайды және оларға рецензия жазады;
- ОЛИМПИАДА туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.

4.3. ОЛИМПИАДАНЫ Сараптау комиссиясы қорытындылайды.

5. Пәндік олимпиаданы өткізу

5.1. Олимпиада екі кезеңмен өтеді:

1 кезең – ТЕСТ (on-line режимінде. Қатысушыларды тіркеу: **http://yu.edu.kz**); күні – 01 ақпан – 31 наурыз 2018 ж.

Олимпиада (1 кезең) математика, физика, химия, биология, география, тарих, ағылшын тілі, оқу тілі мен әдебиеті пәндері бойынша тапсырмалардан тұрады.

2 кезең – презентация немесе бейне эссе; күні – 01 сәуір – 31 мамыр 2018 ж.

Олимпиаданың бағыттар бойынша тақырыптары:

- Білім

Менің қазіргі заман мұғаліміне көзқарасым.

- Гуманитарлық ғылымдар

Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың модернизациясы. Қазақстан әлемдік қоғамдастықта. ҚР сыртқы саясатының қазіргі таңдағы негізгі бағыттары.

- Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы: мәселелері мен оларды шешу жолдары.

- Жаратылыстану ғылымдары

Маңғыстау облысының экологиялық мәселелері.

- Техникалық ғылымдар және технологиялар

Сандық Қазақстан – креативтік қоғамға жол.

- Қызметтер

Каспий өңірі аймағында туризмді дамыту мүмкіндіктері.

5.2. Бағалау критерийлері:

1 кезең: тестілеу нәтижелері;

2 кезең: құрылымы мен ұйымдастырылуы, тақырыпты білуі, креативтілігі, көрнекілік құралдары мен #yessenovUniversity, #yu.edu.kz хэштегтер арқылы әлеуметтік желілердегі ең көп қараулар саны мен лайктар саны;

3 кезең: олимпиаданың қорытынды нәтижесінде ҰБТ баллдары ескеріледі.

5.3. Тіркеу: қатысушылар олимпиаданың ресми басталуына дейін on-line тіркеуден өтуі қажет.

6.Қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

6.1. I, II және III жүлделі орындардың олимпиада жеңімпаздары университет грантымен иеленеді.

6.2. Гранттар саны:

- I жүлделі орынға (барлық оқу мерзіміне) 100% жеңілдік қарастырылған

6 грант:

- 1 («Математика» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Физика» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Оқу тілі мен әдебиеті» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Ағылшын тілі» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Тарих/География» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Химия/Биология» бейіндік пәні бойынша);

- II жүлделі орынға (барлық оқу мерзіміне) 75% жеңілдік қарастырылған

6 грант:

- 1 («Математика» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Физика» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Оқутілі мен әдебиеті» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Ағылшын тілі» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Тарих/География» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Химия/Биология» бейіндік пәні бойынша);

- III жүлделі орынға (барлық оқу мерзіміне) 50% жеңілдік қарастырылған

6 грант:

- 1 («Математика» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Физика» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Оқу тілі мен әдебиеті» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Ағылшын тілі» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Тарих/География» бейіндік пәні бойынша);
- 1 («Химия/Биология» бейіндік пәні бойынша);

7.ОЛИМПИАДАНЫҢ ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз етілуі

7.1.ОЛИМПИАДАНЫ өткізудің ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

7.2.Ұйымдастыру комитетінің құрамы Ш. Есенов атындағы КМТИУ қызметкерлері мен оқытушылар құрамынан қалыптасады.

7.3.Ұйымдастыру комитеті келесі міндеттерді орындайды:

-ОЛИМПИАДАНЫҢ барлық шараларының өткізілуін қамтамасыз етеді;

-ОЛИМПИАДАНЫ өткізу мерзімдері мен орнын анықтайды;

-қатысушылардың тіркелуін ұйымдастырады;

-ОЛИМПИАДАНЫҢ тапсырмаларын дайындау бойынша комиссия құрамын қалыптастырады;

-ОЛИМПИАДА жеңімпаздарын бекітеді;

-аппеляциялық өтініштерді қабылдап, қарайды;

-жыл сайынғы есебін ұсынады;

-ОЛИМПИАДА туралы Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді іске асырады.